
1. www.google.kz
2. <http://ru.wikipedia.org/wiki>
3. Учебник культурного представительства «Исламская Республика Иран»
4. З.Л. Рүстемов «Парсы тілінің ізашары» 1-том
5. З.Л. Рүстемов «Парсы тілінің ізашары» 2-том
6. www.inform.kz/kaz/article

Данная статья характеризует отдельные детали при праздновании наурыза в Иране. В этой статье затрагиваются некоторые особенности обычаев и традиций иранского нового года.

The article discusses the interesting customs and traditions of celebrating Nowruz Zoroastrians, and especially the Iranians celebrate the New Year.

Б. Нұрғали

ҚАЗАҚСТАН-ҚЫТАЙ ҚАТЫНАСЫНДАҒЫ ОРАЛМАНДАР ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ЗЕРТТЕУШІЛЕРДІҢ КӨЗҚАРАСТАРЫ

Еліміз тәуелсіздігін алғаннан кейін Қытаймен дипломатиялық қатынас орнап, жан-жақты байланыстар айтарлықтай дамып келеді. Ресми деректерге қарағанда, Қытай Халық Республикасында 1,78 млн. астам қазақтар тұрады, бұл әлемнің 43 еліндегі 5,5 млн. қандастарымызды ескерсек, Қытайдағы қазақтардың салмағы бірінші орында тұрады деген сөз. Сондықтан Қазақстан Республикасында Қытайдан келген оралмандар жөнінде жазылған материал да, зерттелген еңбектер де аз емес.

Еліміз тәуелсіздік алған алғашқы жылдан бастап оралмандар мәселесін зерттеуді ҚР ҰҒА Философия және саясаттану институты жүргізді. Сонымен бірге еліміздің жекеленген ғалымдары да өз зерттеулерін жариялай бастады. Т.О. Омарбековтің 1991 ж. “Қазақтардың Қытай асуы” атты мақаласы «Қазақ әдебиеті» газетінде жарияланды. Аталмыш газеттің 1992 ж. 30-қазандағы санында Ж.К. Қасымбаевтың “Қытайға кеткен қазақтардың қайта оралуы” атты мақаласы басылып шықты.

1995 ж. 16-17 желтоқсанда Түркістанда «Қазақ диаспорасы: өткені мен болашағы» атты ғылыми симпозиум өткізілді, бұл шарада мемлекетіміз жаңарған кезеңде қазақ диаспорасының өзекті мәселелерін жүйелі түрде зерттеуге бетбұрыс жасағанын бейнелейді.

Қытай қазақтарын және ол жақтан оралған оралмандарды зерттеуге қомақты үлес қосқан тарих ғылымдарының докторы, профессор Н. Мұқаметханұлы. Оның 1996 ж. жазған «ХҮІІІ-ХІХ ғасырлардағы қазақ-қытай байланыстары» /1/ атты ғылыми еңбегі Қытайдың мұрағат құжаттарын түпнұсқадан жүйелі түрде сараптап қолданған Қазақстандағы тұңғыш қазақ-қытай қарым-қатынастар тарихы болып табылады. Бұл еңбекте автор ғылыми айналымға түспеген Қытайдың орда күнделік хаттамаларына негізделе отырып, екі ел қатынастарының қалыптасу, даму процесін ашып көрсетті. Академик М. Қозыбаевтың аталмыш еңбек туралы: “Еңбек

тың деректерге негізделген, екі империяның қыспағына түсіп, тұтас бір елдің, бір халықтың екіге бөлінуі бұрын-соңды зерттелмей келген еді. Осындай тарихи зерттеулерге Қытай деректерін де бірінші рет пайдаланып отыр” /2/ деп бағасын берген.

Н.Мұқаметханұлының 2000 ж. жарық көрген «Қытай қазақтарының қоғамдық тарихы (1860-1920 жж.)» /3/ атты монографиясын қытай қазақтары туралы мол мәлімет берген қомақты еңбек деп айтуға болады. Автор қазақ даласынан Қытай мен Ресейдің мемлекеттік шекарасын белгілеуі - біртұтас қазақ халқының екі елге бодан болуының заңдасуы, бұл қазақ тарихындағы тауқымет деп санайды. Онда сонымен қатар Қытай Цин империясына жерімен бірге ел болған қазақтардың қоғамдық құрылымдары мен әлеуметтік шаруашылығы мен мәдениетінің дамуының өзіндік ерекшеліктерін, Қытайдағы қазақтардың басқа ұлттармен қатынасын, Қазақстанмен болған байланысын жүйелі түрде пайымдап, оларда ұлттық сана-сезімінің қалыптасуының саяси мәдени себептерін тарихи фактілермен талдап дәлелдейді. Бұл қазақ тарихындағы аса күрделі кезеңді кешенді түрде зерттеген, көптеген тарихи күңгірт мәселелерді айқындап, Қытайда қазақ қауымының қалыптасуы мен алғашқы кезеңде даму үдерісін ғылыми түрде түсіндірген құнды еңбек десек болады.

Н. Мұқаметханұлының жоғарыдағы зерттеу тақырыбының жалғасы «XX ғасырдағы Қытайдың тарихи үрдісіндегі қазақтардың әлеуметтік дамуы» /4/ деген еңбегінен көрініс тапты. Онда автор 1920-2005 жж. дейінгі қытай қоғамының тарихи өзгеру даму үдерісінде, Қытайдағы қазақтардың әлеуметтік дамуын қарастырған. Әсіресе XX ғасырдың соңы мен ХХІ ғасырдың басында қытай қазақтары дөп келіп отырған әлеуметтік мәселелерге талдау жасаған.

2005 ж. маңызды бір зерттеу «Қазақ диаспорасы: бүгінгі мен ертеңі» /5/ атты еңбектің үшінші бөлімін «қытай қазақтары» деген тарауын Н.

Мұқаметханұлы жазған. Бұл тараудың қорытындысы ретінде кітапта: Қытай қазақтары 1860-1911 жылға дейін жартылай отар, жартылай феодал Қытай Чин (Цин) патшалығының билігіндегі әскери әкімшіліктің басқаруында болды, 1912-1944 жылға дейін Қытай республикалық (Миньго) дәуірдегі милитарист генерал-губернаторлар мен Гоминдаң партиясы үкіметінің билеп-төстеуінде өмір сүрді. Бұл кезде Қытайдағы қазақтар Шыңжаңдағы басқа ұлттармен бірге ұлттық теңдік пен әлеуметтік даму үшін күрес жүргізді. 1944-1949 жж. дейін Шыңжаңдағы қазақтар негізінен “Үш аймақ үкіметінің” (Шығыс Түркістан уақытша үкіметінің) басқаруында болды. Бұл тұстағы басты бағдар Кеңес одағы үлгісінде қоғамдық құрылым орнату және ұлттық мәдениетті дамыту болды. 1949 ж. қазан айынан қазірге дейін ҚХР-дың социалистік дәуірдің екі кезеңін бастан кешті, яғни 1950-1980 жж. дейін “Таптық күрес арқау болған” жоспарлы экономикалық жүйе жағдайында өмір сүрді. Бұл кездегі қазақтардың (тек қазақтар ғана емес, бүкіл Қытайдағы халықтардың) тағдыры Қытай компартиясының уысында болды, ал 1980 жылдан қазірге дейін “Қытайлық ерекшелікке ие социалистік” тауар экономикасы дәуірінде өмір сүріп келеді. Осы дәуірдің алғашқы жылдарында Қытайдағы қазақтар да ондағы басқа халықтар сияқты экономикалық өндіріс саласында еркіндігіне ие болды және олар шаруашылық пен мәдениетте айтарлықтай алға басты. Бірақ соңғы жылдары нарықтық бәсекеңнің күшейе түсуіне байланысты қазақтардың тіршілік кеңістігі таралып, шаруашылығы мен мәдениеті әлсірей бастады. Себебі тауар экономикасының бәсекелесінде қазақтардың әлсіздігі айқын байқалады. Бұлай болуы заңды нәтиже. Өйткені ондағы қазақтардың бәсекелесі өздерінен сан жағынан жүз мың есе артық, оның үстіне ел тұтқасын ұстаған қытай халқы. Сондықтан да қазір Қытайдағы қазақтардың өмір сүру ортасы қиындап кетті.

Егер мәселені тарихи тұрғыдан алып қарайтын болсақ, Қытайдағы қазақтардың әлеуметтік экономикасы мен мәдениеті жалпы даму үрдісінде келеді. Әсіресе XX ғасырдың соңғы жартысындағы дамуы айтарлықтай тез қарқында болып, Қытайдағы қазақтардың әлеуметтік дамуындағы шарықтау шыңы деуге болады деп тұжырымдайды /6/.

Аталмыш еңбекте авторлар қазақ диаспорасының тарихи қалыптасуын ғана емес, сонымен қатар оның бойындағы біршама ерекшеліктерді де айқындай түскен. Сөйтіп, ол болашақта бұл тақырыпты терең зерттеуге іргелі негіз қалаған. Зерттеуде тәуелсіз мемлекеттің экономикалық, құқықтық, саяси, әлеуметтік мүмкіндіктері негі-

зінде сырттан көшіп келген қандастарды қоныстандыруға, жаңа саяси құрылымға кіріктіруге үлкен өзгерістердің, диаспораға байланысты бірнеше іргелі мәселелердің шешімін табуға бетбұрыс жасалғанын атап көрсетеді /7/. Авторлардың пікірінде қазақ халқының бірлігін қуаттай тұрған асқақ арманның жатқандығын байқауға болады.

Н. Мұқаметханұлының 2010 ж. жарық көрген «Дипломатиялық қатынастар және қытайтану мәселелері» /8/ еңбегінің төртінші бөлімі «Оралмандар туралы ойлар» деп аталған зерттеуінде, мынадай пікірлер айтады: “Бір елдің, бір халықтың бөлініп-жарылуы мен қайта бірігуі де өткен ғасырдың бір ерекшелігі болды. Әрине, қазақтарда ол ауқымнан тыс қалған жоқ. Тәуелсіз Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Н. Назарбаевтың шетелдегі қандастарымызды Отанға оралту мәселесін ұлттық саясат деңгейіне көтеріп, оны Қазақстанның болашағымен байланыстырып қарастыруын әлемдік өредегі аса көрегендік пен саясаткерлік деуге тұрады. Өйткені тек осындай саясаттың дәйекті атқарылуының арқасында ғана ҚР тәуелсіздігі баянды болады, қазақ халқының ұлттық тұтастануы жүзеге асады, содан ұлттық болмысы мәңгі сақталады деп санаймыз /9/.”

XX ғасырдың 30-40 жылдары Қытайдағы қазақтардың атамекенін тастап, белгісіз бағытқа үдіре көшу мәселесін қарастырған еліміз және еуропалық зерттеушілердің бірнеше еңбектері жарық көрді. Солардың ішінде ең маңыздысы Халифа Алтайдың «Алтайдан ауған ел» мен Хасан Оралтайдың «Елім-айлап өткен өмір» /10/ атты еңбектері.

2005 ж. өткен әлем қазағының үшінші құрылтайынан кейін “Қазақ диаспорасы” тақырыбын зерттеу қоғамда жаңа қарқын алды. Осы тақырыптың теориялық және практикалық зерттеулері өз жалғасын тапты.

Қазақстанда қазақ диаспорасы мен ирренденттер мәселесінің сан қырлы қатпарларын тарихи және осы замандық дамуына терең зерттеу жүргізген ғалым тарих ғылымдарының докторы Г.М. Мендикулова. Оның 1997 ж. жарық көрген «Исторические судьбы казахской диаспоры: Происхождение и развитие» /11/ деген монографиясы соның нәтижесі. Автордың 2006 ж. жарық көрген «Қазахская диаспора: история и современность» /12/ атты еңбегінде, 1930-1950-жылдары Қытайдағы қазақтардың трагедиялық тағдырынан әлемге тарыдай шашылуы туралы еліміз және батыс тарихшыларының шығармаларын тұңғыш жүйелі зерттеп, Тайваньның бұл тарихи оқиғаға себепкер болғанын көрсетеді. 2008 ж. Г.М. Мендикулованың «История миграций между Казахстаном и Китаем в 1860-1960-е

гг.» /13/ атты көп авторлы еңбегін өзіндік ғылыми маңызы бар деп санаймыз.

Қазақстандық белгілі саясаттанушы ғылым К.Л. Сыроежкиннің 1994 жылғы «Казахи в КНР: очерки социально-экономического и культурного развития» /14/ атты еңбегінде Қытай қазақтарының әлеуметтік-экономикалық және мәдени болмысын үніле зерттеп, мемлекет шекарасының қазақ халқын екіге бөлсе де, ел тағдырын бөле алмайды дейді. Ал 2006 ж. жарияланған «Проблемы современного Китая и безопасность в Центральной Азии» /15/ атты еңбегінің «Внутренние проблемы КНР и их воздействие на безопасность Центральной Азии» деген тарауында автор Қытайдың Орта Азия елдеріне тигізетін қауіпін талдау жасап, Еуропаның 60-70 жылдар Азия-африкалықтардың көші-қонының жергілікті тұрғындарымен бәсекелесуін, қоғамдық ауыртпалық қалыптастырғанын, сонымен бірге ұлтаралық қақтығыс, қылмыстық топтардың пайда болуы, саяси экстремизм мен радикализмінің бас көтеруі сияқты жағымсыз жағдайларды еске ала отырып, Орталық Азия өңіріндегі қауіпсіздік мәселелерін Шынжаң мәселесімен байланыстырып қарастырып, осыған байланысты Шынжаң ұйғырлары мен қазақтары көптеп Қазақстанға ағылып келуінің қатері көп деп тұжырымдайды /16/.

Біз Г.М. Мендикулованың еңбегіне қарасақ, диаспораны бірнеше түрге жіктеген, адамзат тарихында болған грек халқы, еврей, армян халықтары көшпелі (мобильдік) диаспорасы ретінде өздерінің ұйымшыл, еңбекқор, бейімделгіш ерекшеліктерімен әлем экономикасына тигізген ықпалына салыстырмасақ та, өз елінен жат елге барып АҚШ-қа көшіп барған вьетнамдықтар, мексикалықтар, Англияға қоныс аударған африкалық пролетарлық мигранттар мен қытай қазақтарының жат елден өз Отанына оралуы екі басқа әңгіме болар.

Г.М. Мендикулованың Қытайдан Түркияға ауып барған қазақтардың ұйымшылдығы, жаңа ортаға бейімделгіштігі мен дәстүрлі ата кәсібін жаңа экономикалық жүйеге өрістетуін, Түркия елінде тері өнімдерін өндіру және нарыққа шығару, әлемге танытуына ғылыми негізде ерекше зор баға берген.

Егер сол анау жарты ғасырдан бұрынғы ата-бабаларымыз сол қанмен жазылған аянышты тағдырымен ғана емес, өз тіршіліктерінде де, жат елдегі өміріндегі, өзгелермен қарым-қатынастарда ұдайы байсалдылық көрсетіп, сабырлық сақтап әлемге өздерін паш еткен асқақ рухы, өр жігері бүгінгі күнде тәуелсіздіктің қадірін өте жақсы түсінетін атамекенге оралған қазақтарда жоқ деп айтуға болмайтын шығар?!
К.Л. Сыроежкиннің 2010 ж. «Казахстан-

Китай: от приграничной торговли к стратегическому партнерству» /17/ деген үш кітаптан тұратын еңбегінің «Проблема казахской этнической общины в Китае» тарауында Қытайдағы қазақтар және еліміздің көші-қон саясатына төмендегідей сипаттама берген:

Деректерге қарағанда, 2008 жылы 1 қазанға дейін Қытайдан келген оралмандардың саны 65191 адамға жеткен, еліміздегі жалпы оралмандар санының 9.23%-ін құрайды, жалпы көбею беталысы байқалады. Қытайдан келген оралмандар кирилица әріпін білмегендіктен Қазақстанның жоғары оқу орындарында түсуіне мүмкіндігі жоқ, олардың ішінде көпсандысы орысша игермегендіктен жергілікті тұрғындарға бейімделуде қиындыққа түседі /18/ дейді.

Ең негізгі проблема жергілікті жағдаймен жергілікті тұрғындарымен арадағы қарым-қатынастағы бейімделу /19/. Г.М. Мендикулованың еңбегінде «мигранттардың қоныстанған жат ортасына қарасақ, бейімделу процесімен характері объективтік және субъективтік факторларымен байланысты, бірінші факторларға мигранттар өмір сүрген қоғамның әлеуметтік-этикалық, саяси деңгейі, этносаралық қатынастар ықпал етсе, субъективтік факторлардан ең маңызды рөлін атқаратын билік саясаты, қоғамдық ұйымдардың қызметі, психологиялық жағдайлар» /20/ дейді.

Міне, осы пікірден ұлттық саясат және елдің атқарушы органдарының қызметі қаншалық маңызды екенін білуге болады.

К.Л. Сыроежкиннің көз алдына елестейтін қытай қазақтары: «Қытай Халық Республикасында тұрып жатқан қазақтардың 92,5% ҚХР құрылғаннан кейін туылғандар, ал 80% 1962 жылдан кейін, 65,7% мәдениет төңкерісінен кейін, 50,7% 1978 жылдан кейін туылғандар. Біріншіден, мына мәлімет сандар бойынша, қытай қазақ тұрғындардың бір бөлігі байырғы мигранттық толқынына жатпайды.

ҚХР олар үшін толық түсінік тегі "Отаны" деп айтуға болады; екіншіден, қазақтардың қауымдастығы өте жас және көп сандысы 1950 жылғы мәдени төңкерісті еске сақтамайды. Сондықтан да қытай қазақтары үшін Қытай олардың тарихи және этникалық отаны /21/."

Жоғарыда келтірген К.Л.Сыроежкиннің еңбектерінен оның Қытайдағы қазақтарды және Қытайдан оралған қандастарымызды зерттеуге ұстанған концепциясының астарын анық аңғару қиын емес. Ол Қытайдағы қазақтардың жас мөлшерлері бойынша олардың «Отаны - Қытай» болып кетті дейді. Бұл сөз туып-өскен жері мен азаматтығы бойынша қарағанда дұрыс.

Бірақ ол қазақтар өздерінің атамекенінде отырғанын, олардың Қытай-Ресейдің 1864

жылғы шекара келісімі бойынша «Жерімен бірге Қытайға қарағанын» профессор Н. Мұқаметханұлы аталған еңбектеріне әбден дәлелдегенді. Қазіргі қазақтар солардың ұрпақтары емес пе?! Сондықтан да профессор Г.М. Мендикулова оларды «ирренденттер» немесе «өз атамекенінде отырған қазақтар» деп санайды.

К.Л.Сыроежкин тұңғыш Президентіміз Н. Назарбаевтың көрген саясатының арқасында Қытайдан Отанға оралған немесе оралатын қазақ диаспорасын кейбір сепартист ұйғырлармен қосып, Орталық Азияның қауіпсіздігіне қауіп төндіретін фактор деп көрсетуі оның бөгде ойда екендігін көрсетіп қойды. Өйткені ол өзінің осындай тұжырым жасауға негіз болған бір де бір аргумент-фактіні келтіре алмаған, алмайды да.

Ал профессор Н.Мұқаметханұлы болса өзінің жақында жарияланған «Көш байлығын бағалай білейік» деген мақаласында «Шетел қазақтарының атажұртқа қоныс аударуы тек елімізге қосылған адам ресурстары ғана емес, сонымен бірге - еңбек ресурсы, инвестиция, ғылыми-техника, мәдениет, өнер, білім мен ғылым бұлақтары болып табылады. Елге ел қосылса құт деген, міне осы» /22/ деп бағалайды. Сондай-ақ ол оралмандарды «ұлттық потенциалдың қайнары» деп есептейді және оған мол факті-мысалдарды келтіреді.

2011 жылғы 13 сәуір санындағы «Общественная позиция» газетінде жазушы, филология ғылымдардың докторы, проф. Т. Жұртбай мынадай пікір айтқан: «Қазір «оралмандар бізге не беріп жатыр?» дейтін шайтан пікір етек алды. Бұл - мемлекеттік мекемелерде отырған жоғары лауазымды тұлғалардың, тіпті оралмандардың тағдырымен тікелей байланысты мекеме қызметкерлерінің тұла бойында бүлкілдеп жатқан пәле» - деп пайымдаған /23/.

Мұндай тенденцияны кездейсоқ деп санамаймыз. Дегенмен ұлт көшбасшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың өзі бастаған оралмандар саясатының жаңа деңгейде жүзеге асатына сенеміз.

1. Мұқаметханұлы Н. ХҮІІІ-ХІ ғасырлардағы қазақ-қытай байланыстары. - Алматы: Санат, 1996. -126 с.;
2. Қозыбаев М. Алғы сөз орынына /Тарихшы ғылым Н.Мұқаметханұлының ХҮІІІ-ХІХ ғғ. Қазақ-Қытай байланыстары/ атты еңбегі жайлы //Отан Сақшысы - 1998. 10 қаңтар № 1, 3б.
3. Мұқаметханұлы Н. Қытай қазақтарының қоғамдық тарихы (1860-1920 жж.) - Алматы: -2000.-336 б.

4. Мұқаметханұлы Н. «ХХ ғасырдағы Қытайдың тарихи үрдісіндегі қазақтардың әлеуметтік дамуы» Қазақ университеті . -2006. 168 б.
5. Қазақ диаспорасы: бүгін мен ертеңі - казахская диаспора: настоящее и будущее. - Астана: Елорда. - 2005. -352б.
6. Бұл да сонда. 167-168 бб.
7. Бұл да сонда. 122-168 бб
8. Мұқаметханұлы Н. «Дипломатиялық қатынастар және қытайтану мәселелері» «тарих тағылым» баспасы. - 2010.
9. Бұл да сонда . 165 б.
10. Халифа А. Алтайдан ауған ел. - Алматы. - 2000. - 272 б; Хасан Оралтай. Елім-айлап өткен өмір. - Ытамбол. - 1999.
11. Мендикулова Г.М. Исторические судьбы казахской диаспоры. Происхождение и развитие. - Алматы. Ғылым. - 1997. - 262 с.
12. Мендикулова Г.М. Казахская диаспора: история и современность. -Алматы. - 2006.
13. Мендикулова Г.М. История миграций между Казахстаном и Китаем в 1860-1960-е гг. -Алматы: «Са Га». - 2008. -232 с.
14. Сыроежкин К.Л. Казахи в КНР: очерки социально-экономического и культурного развития. -Алматы: Институт развития Казахстана. - 1994. -122 с.
15. Сыроежкин К.Л. Проблемы современного Китая и безопасность в Центральной Азии. - Алматы. -2006.
16. бұл да сонда. 258-259 бб.
17. Сыроежкин К.Л. Казахстан-Китай: от приграничной торговли к стратегическому партнерству. Казахстан. ин-т стратег. Исслед. при Президенте РК. - Алматы. - 2010.
18. бұл да сонда. 147-150 бб.
19. бұл да сонда. 151 б.
20. Мендикулова Г.М. Казахская диаспора: история и современность. 143 б.
21. Мендикулова Г.М. Казахская диаспора: история и современность. 43 б.
22. Мұқаметханұлы Н.//Алтын бесік. – 2011 жылы. № 1, 13 б.
23. Тұрсын Жұртбай Оралманды тізеден қағу- ақымақтық// Общественная позиция. - 2011. - 13 сәуір. (№13) 31 б.

Мақалада елімізде Қытай қазақтары және қазақ диаспорасы жайында зерттеулердің жалпы жағдайын, қалыптасу тарихын және негізгі көзқарастарын пайымдап, Н. Мұқаметханұлы, Х.Алтай, Г.М.Мендикулова, К.Л. Сыроежкин қатарлы ғалымдардың еңбегін талқылап, ерекшеліктерін көрсеткен.

The article analyzed the history of the formation of the research on the Kazakh immigrants to Kazakhstan from China and the Kazakh Diaspora, and its main topics. It analyzed in detail of the works by Nabizhan MukametkhanUli, Khalifa Altay, and G.M.Mindikulova, K.L. Siroezhkin pointed out their main characters.